

Ленин жұл

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 100 (7060) | Сәрсенбі 23 май 1945 жыл | Шығуына 27-жыл
Жеке сағы 20 тыйын

Он күндікте дәнді егіс толық аяқталсын

Қазіргі кезең егіс жұмысындағы ең жауапты кезең. Осы таяу күндер ішінде салынып болмаған егін кешігеді, оның өнімді болуына нұқсан келеді. Сондықтан да совет халқының ұлы жеңісі жерін тасытқан социалистік ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілерін, барлық күш-құрады егісті барынша тез және сапалы аяқтауға жұмылдыру керек.

Алдыңғы қатарлы аудандар, колхоздар, совхоздар егістің барлық түрін аяқтап келеді, бірсыпыралары қазірдің өзінде бітірді. Алматы облысы бүкіл дәнді егіс жоспарын асыра орындады. Алайда, бірсыпыра облыстарда, әсіресе Батыс Қазақстан (ҚК(б)П облыстық комитетінің секретарі Салин жолдас), Қостанай (ҚК(б)П облыстық комитетінің секретарі Золотухин жолдас) облыстарында егіс ең қарқынды мүддем қанағаттанғысыз болып отыр. Егістің барысы Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Семей облыстарында да өт-мөте нашар. Бұл облыстардың басшылары егіс қарқынын күшейту орнына, қайта соңғы бескүндіктерде төмендетіп жіберді. Бұл жағдай егіске тракторлар, жұмыс көліктері, адам күші толық пайдаланылмағандықтан болып отыр. Аталған облыстардың басшылары бұл кемшілікті дереу жойып, егістің қарқыны да, сапасы да мейлінше күшейту үшін, сөйтіп егіс жоспарының таяу күндер ішінде толық орындалуын қамтама-сыз етуге міндетті.

ҚК(б)П Орталық Комитеті колхоздардың, МТСтар мен совхоздардың барлық күшін егіннен мол өнім алу күресіне жұмылдыру мақсатында және Отан соғысының жеңіспен аяқталуының хұрметіне 20 майдан 1 июньге дейін дәнді егістерді аяқтау он күндігін жариялады. Он күндікте атқарылатын жұмыстың көлемі орасан зор. Алға қойылып отырған міндет—дәнді егісті толық аяқтау міндеті, бұған барлық күшті, барлық мүмкіншілікті жұмылдырып, оны барынша нәтижелі

дәнді жұмысшыларының, олардың үй-ішіндегі адамдардың төгіс жұмысқа шығуын, оларға нақтылы тапсырма беріп, күнделік норманы орындауын қамтама-сыз етуі керек. Жұмыс, міне, осылай ұйымдастырылғанда ғана он күндікте алға қойылып отырған міндет толық орындалады.

Партия, совет, жер орындары, колхоздардың, МТСтардың, совхоздардың басшылары бұл шараларды іске асыруда шын мәнісінде іскерлік, шеберлік көрсетулері керек. Егіс жұмыстарына күнделікті қолма-қол басшылық ету—ең басты, ең шешуші шарт екенін екі елі естен шығаруа болмайды. Колхоздарда, бригадаларда, звеноларда жұмыс қорытындысы күн сайын шығарылып, кемшіліктер дереу жойылып отырылатын болсын.

Көп жерде, мысалы, Қостанай облысының Жетіқара, Урицкі, Федоров аудандарында трактор паркі өте нашар пайдаланылып келеді. Оның себебі трактор бригадаларына күнделікті техникалық көмек көрсетілмейді. Ұсақ кемшіліктерден, жанар май тасылмауынан тракторлар көп уақыт бос тұрып қалады. Он күндікті жақсы өткізу үшін осы кемшіліктерді дереу жою керек. Трактор, бригадаларына, тракторшыларға егіс басында техникалық көмек көрсету хажет. Бұл үшін көшпелі мастерскойларды көбейтіп, бригадаларға керекті запас бөлшектерді шығару ісін күшейту керек. МТСтардың, совхоздардың мастерскойлары, колхоздардың ұста дүкендері жұмысты күндіз-түні бірдей істейтін болсын. Өнеркәсіп орындары колхоздарға, МТСтарға, совхоздарға көмекке маман жұмысшылар, хажетті құрал-саймандар жіберетін болсын.

Егін жұмысындағылардың тұрмысына, көпшілік тамағын ұйымдастыруға, алдығыларды жұмысқа ынталандырып, сыйлық беріп отыруға жете көңіл бөліңсін. Партия мен үкмет қаулысына сәйкес егісте үздік шыққандарға берілетін сый-

И. В. Сталин жолдастың Англияның „Таймс“ газетінің тілшісі Паркер мырзаның хатына жауабы

Халық Комиссарлары Советінің
Председателі И. В. Сталинге
МОСКВА

Шет ел баспа сөзі Қызыл Армияның тылында бүлдіру әрекеттерін даярлау, мұндай әрекеттерді жасау жөнінде айыпталып, ТАССтың жақын арала жасаған мәлімдемесінде көрсетілгендей тұтқынға алынған бірнеше поляк іс жүзінде совет өкмет орындарымен келіссөздер жүргізу үшін шақырылған делегацияның мүшелері деген хабар жариялады. Сол сияқты поляктардың бұл тобында демократияшыл басшылар бар, Польшаның болашақ Уақытша Үкметін құру жөнінде олардың пікірі мұндай үкметті құру ісіне қосылған бағалы үлес болар еді деп мәлімдеме жасалды. Бұл айтылған поляктарды тұтқынға алу арқылы совет үкметі Қырымда жасалған шараларға сенушілікке нұқсан келтіріп отыр және Польшаның Уақытша жаңа Үкметінің құрылуына кедергі жасап отыр деп мәлімдеме жасалды.

Бұл мәселе жөнінде ынтық болып отырған жұртшылық пікіріне түсімік беру үшін осы мәселе жөнінде Сіздің мәлімдеме жасағыңыз келерме еді.

Зор хұрметпен РАЛЬФ ПАРКЕР.

Москва, 1945 жылғы 11 май.

Англияның „Таймс“ газетінің тілшісі Паркер мырзаға жауап

Мен жауапты бір аз кешіктіріп беріп отырмын, егер менің жұмысымның көптігі еске алыңса бұл түсінікті болар.

1. Атышулы диверсант генерал Окулицкий басқарған 16 поляктің Польшада тұтқынға алынуының Польшаның Уақытша Үкметін қайта құру туралы мәселемен ешқандай байланысы жоқ. Бұл мырзалар мемлекетті сақтау туралы Англия заңымен ұқсас, Қызыл Армияның тылы диверсанттардан сақтау жөніндегі заңның негізінде тұтқынға алынды, мұнымен қатар Советтің соғыс орындары оларды тұтқынға алу ісін Польшаның Уақытша Үкметі мен совет соғыс командованиясінің ара-сында жасалған келісімге сәйкес жүргізді.

2. Тұтқынға алынған поляктар совет өкмет орындарымен келіссөздер жүргізу үшін шақырылыпты деген сөз дұрыс емес. Совет өкмет орындары Қызыл Армияның тылын сақтау туралы заңды бұзушылармен келіссөздер жүргізбейді және жүргізбек емес.

3. Польшаның Уақытша Үкметін қайта құру туралы мәселеге келетін болсақ, онда ол Қырым қаулыларының негізінде ғана шешілетін болады, өйткені бұл қаулылардан қандай ғана болсын таяушылық болуға тиіс емес.

4. Польша мәселесі одақтас елдер арасында келісіп мынадай шарттарлы жүзеге асырғанда:

а) Егер Польшаның Уақытша Үкметін қайтадан құрғанда ол Югославиядағыдай Ұлтты Азат ету Комитеті Біріккен Югославия Үкметінің негізгі орталығы болып танылып отырғанға ұқсас Польшаның болашақ Ұлт Бірлігі Үкметінің негізгі орталығы болып танылса;

б) Егер қайта құру нәтижесінде Польшада Советтер Одағына қарсы «дәрігерлік алап» саясатын емес. Советтер Одағымен достық саясатын жүргізетін үкмет құрылатын болса;

в) Егер Польшаның Уақытша Үкметін қайта құру мәселесі қазіргі уақытта поляк халқымен байланыс жасап отырған поляктармен бірлесе отырып ғана шешілетін болса ғана шешіледі деп ойлаймын.

Хұрметпен И. СТАЛИН.

18. 5. 45 жыл.

ССРО Халық Комиссарлары Советінде

И. И. Мечниковтың туғанына 100 жыл толуына байланысты оны мәңгі есте

МОСКВА, КРЕМЛЬ

Сталин жолдасқа

Қымбатты Иосиф Виссарионович!

Фашистік Германияның толық талқандалғандығы және оның қарулы терінің сөзсіз тізе бүккендігі туралы тарихи хабарды латып халқы шексіз нышпен қарсы алды.

Сіздің данышпандық басшылығыңыз арқасында совет халқы мен Қызыл Армиясы жауды толық жеңіп шықты. Совет армиясының гитлершіл маньяға қарсы күресте тарихта болып көрмеген ұлы жеңіске жетуі біз, да тар үшін ерекше қуаныштың, ерекше тарихи мәні бар. Неміс фашистерінің лашы империализмінің толық талқандалуы барлық совет халықтарының бәге ортақ қас дұшпанына қарсы күрестегі жеңісінің ғана емес, сонымен өздерін ежелден құлданушы және жеңдеттер—неміс басқыншыларға қарсы шағын, алайда батыл және бостандық сүйгіш латып халқының жеті ғасыр йына жүргізген күресінің жеңіспен аяқталуының да жарқын мерекесі саналады. Біздің халық неміс фашизмін жеңіп шығу жолындағы ұлы іске үлесін қосқандығын мақтанып етеді. Советтің даңқы асқан батырларының квал мен Сталинградтан Берлинмен Эльбаға дейін жеңіспен өткен даңқты, теккен хасиетті қанында өз қанының үлесі бар екендігін ол мақтанып Латып халқы өзін немістердің озбырлығынан азат ету жолында туысқандық көрсеткені үшін ұлы орыс халқына, қаһарман Қызыл Армияға және қым Сталин жолдас, Сізге борыншты екендігін еш уақытта ұмытпайды. Советтік цийлистік Республикалар Ұлы Одағының тең праволы республикасы ретінд веттік Латвия қалпына келтірілді.

Адам баласының қас жауына қарсы шайқаста ұлы совет халқы шықты. Біздің еліміз бейбітшілікпен даму дәуіріне енді.

Еңбек сүйгіш латып халқы бүкіл совет халықтарымен қол ұстаса оть біздің ұлы совет Отанының соғыстық-экономикалық күш-қуатын бұрынғыда ығытай түседі, республикамыздың экономикасы мен мәдениетіне немістер ган жараны қысқа мерзім ішінде жазады, сөйтіп Латвияны Советтер Одаг гүлденген республикасына айналдырады деп Сталин жолдас, Сізге сенім бер

Сталин жолдас, совет Отаны халықтарының қуанышы мен бахыты Сіздің сау-сәлемет болып, көп жасауыңызды шын жүректен тілейміз.

Жеңісіміз жасасын!

Біздің қуатты Отанымыз—Советтік Социалистік Республикалар Одағы сәйсын!

Жеңімпаз Қызыл Армия жасасын!

Біздің көмектер көсеміміз және қолбасшымыз Сталин жолдас жасасын!

Латвия ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі КИРХЕНШТЕ
Латвия ССР Халық Комиссарлары Советінің Председателі В. ЛАЦИ
Латвия К(б)П Орталық Комитетінің Секретарі Я. КАЛНБЕРЗИ

МОСКВА, КРЕМЛЬ

Қызыл Армияның Жоғарғы Бас қолб
шысы Советтер Одағының Маршалы
Иосиф Виссарионович Сталинге
Қызыл Армия мен Соғыс-Теңіз Флотын
Маршалдарына, генералдарына, адмир
дарына, офицерлеріне, старшиналары,
сержанттары мен жауынгерлеріне

Тарихи жеңістер даңқына бөленген ардагер батырлар Қызыл Армия Соғыс-Теңіз Флотының Маршалдары, генералдары, адмиралдары, офице старшиналары, сержанттары мен жауынгерлері!

Сталин заманының даңқы асқан батырлары, Сіздерге латып халқы жүректен сүйіспеншілік пен ығыс айтудың жалынды сөзін, мақтанып сүйсіну сөзін жолдайды.

Гитлершіл Германияға қарсы күресте ұлы жеңіске жеткен бұл ұмыт күндерде Сіздердің неміс-фашист басқыншыларға қарсы жүргізген ұлы кңізді бүкіл дүние жүзі тыныс алмай байқап отырды. Жау уақытша басы ган совет республикалары мен облыстары өздерін социализм елінің қабы жауынгерлері Сіздер құтқарып алады деп күтті, гитлершіл фашизм құлд Европа халықтары өздерін Сіздер азат етеді деп күтті. Олар Сіздерді күтіп лөнге және Сіздердің күллетті күшіңізге шақса қаһармандықтарына қарсы

та тей бекетінің ғана емес, күндіз тап-сырман беріп, оның күнсайын дәл орындалуын қамтамасыз ету міндет. Жер жырту, тұқым себу жұмысына барлық трактор, барлық соқа, барлық саялқа, көліктің кемінде 85 проценті шығарылып, олар жұмысты үздіксіз істейтін болсын. Трактор боразда да тәулігіне кемінде 20 сағат істейтін болсын. Он күндік кезінде барлық колхозшылардың, тракторшылардың, МТСар мен совхоз-

күндерде ауыл шаруашылығына көмекке жатпай жұмылуы керек.

Егісті аяқтау он күндігін жақсы өткізуге, егістің қарқыны да, сапасы да жоғары болуын қамтамасыз етуге барлық күшті жұмылдырайық! Халқымыздың ұлы жеңісіне, көсемнің үндеуіне егісті он күнде толық аяқтаумен жауап берейік!

(«Социалистік Қазақстан» газетінің 20 майдағы бас мақаласы).

Жеңіс жырына бәйге

ССРО Халық Комиссарлары Советі жанындағы көркем-өнер істері комитеті, Қызыл Армияның жоғарғы саяси басқармасы композиторлар және жазушылар одағымен бірлесе отырып, жеңіс туралы жақсы жырға бәйге жариялады. Бірнеше айналы сыйлықтар белгіленді. Комиссияның қатарына көрнекті композиторлар, артистер, жазушылар—Шпорин, Захаров,

Максакова, Маршак, Антокольский, Свешников, Белый және басқалары кірді.

Бәйгіге қазірдің өзінде-ақ 70 жыр түсті. Авторлардың арасында композиторлар Дунаевский, Новиков, Мокроусов, ақындар Асеев, Сурков, Долматовский, Жаров бар. Жырлар әншілер ансамбльдер, хорлар үшін жазылған.

(ТАСС).

Әшірбаев жолдастың бригадасы алда келеді

Оңтүстік Қазақстанның егіс даласында жұмыс істейтін 600ден аса трактор бригадасы мереке алдындағы жарысқа қосылды. Бұл жарыста Первомай МТСындағы үш СТЗ тракторымен 945 гектар жер жыртқан Әшірбаев жолдастың Қызыл Тулы бригадасы бұрынғы сынына алда келеді. Бұрынғы майданшы Куандықов жолдас қазірдің өзінде жылдық тапсырманы орындап, 36 гектар жерді артық өңдеп отыр. Ол 725 килограмм жанар май үнемдеді.

Түлкібас МТСындағы Алексей Назаров бастаған бригаданың тракторшылары Әшірбаев бастаған тракторшылармен теңбе-тең түсуде. Олар көктемгі жұмыстар

дың жоспарын 220 процент орындап, 1800 килограмм мұнай заттарын үнемдеді. Облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің қызыл туларын жеңіп алған Манкент МТСындағы Антон Евтуховтың, Ленгер МТСындағы Василий Михайловтың, Мақта-арал МТСындағы Пүрбековтың бригадалары да алдыңғы қатарлыларды қуып жетуде.

Республиканың атақты тракторшысы Константин Месякин естахановтық жұмыстың үлгісін көрсетуде. Ол өзінің серігі Степченко жолдасымен бірге ЧТЗ тракторымен 660 гектар жердің жұмысын істеді.

(ҚазТАГ).

Отанымыздың күш-қуатын нығайту қорына

ПАВЛОДАР. Облыстың алдыңғы қатарлы колхоздарында Отанымыздың күш-қуатын нығайту қорына жоспардан тыс егіс егу қозғалысы кең өріс алуда.

Павлодар ауданындағы «14 годовщина октября» колхозы жазғы егіс жоспарын орындап, қосымша 130 гектар бидай мен тары салуға ұйғарды. Лебяжі ауданындағы «Қазантай» ауыл шаруашылық артелінің колхозшылары жаздық егісті мерзімінен үш күн бұрын аяқтады. Колхозшылардың жалпы жыйылысының қаулысы бойынша мұнда да жоспардан тыс егін салу жұмыстары жүріп жатыр. Максим Горький ауданындағы «Новый путь» ауыл шаруашылық артелінің кол-

хозшылары жоспардан тыс 100 гектардан аса бидай екті.

Ақкөл және Екібастұз совхоздары да жоспардан тыс егіс егуде. Максим Горький ауданындағы Октябрь астық совхозының жұмысшылары мен мамандары тамаша бастама көтеріп отыр. Совхоз коллективі 8000 гектардан аса егіс жоспарын орындап, қосымша 700 гектар жаздық егіс салуға ұйғарды. Трактор паркінің жұмысында өте жоғары табыстарға жеткені үшін Октябрь совхозының коллективіне Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің Ауылшаруашылық қызыл туы тапсырылды.

(ҚазТАГ).

да өскерткіш орнатылсын.

2. И. И. Мечниковтың өмірі мен қызметіне байланысты мына жерлерге өскерткіш тақтасы орнатылсын:

а) Харьков қаласындағы Харьков Мемлекеттік Университеті үйінің алдына;

б) Ленинградтағы Ленинград Мемлекеттік Университеті үйінің алдына.

3. Микробиология, иммунология, эпидемиология және жұқпалы ауруларды емдеу жөніндегі, сондай-ақ биология жөнінде ғылыми ірі табыстар туралы көрнекті ғылыми еңбектері үшін мына шаралар іске асырылсын:

а) жыл сайын совет және шетел ғылым-ғылымдарына берілетін бір дана И. И. Мечников атында алтын медаль белгіленсін;

б) И. И. Мечников атында екі сыйлық белгіленсін. Мұның біреуі 50 мың сомдық біреуі 25 мың сомдық болып жыл сайын совет ғалымдарына берілсін.

Медальдар мен сыйлықтарды белгілеу істері ССРО ғылымдар Академиясына тапсырылсын. И. И. Мечников атындағы медаль және сыйлықтар мен наградау тәртібі жөніндегі ереже ССРО Халық Комиссарлары Советінің бекітуіне ұсынуға ССРО ғылымдар Академиясына тапсырылсын.

4. И. И. Мечниковтың атымен мыналар аталсын:

а) Микробиологтердің, Эпидемиологтердің және Инфекционисттердің Бүкілодақтық қоғамы;

б) Одессаның Мемлекеттік университеті.

5. Мыналарға И. И. Мечников атындағы стипендия белгіленсін:

а) ССРО Дәрігерлік ғылыми Академиясына айына 1300 сомнан 3 докторант стипендиясы, бұл стипендияны ССРО Дәрігерлік Ғылым Академиясының Президиумы, микробиология жөніндегі көрнекті

нин орденді Мемлекеттік Университетінің жоғарғы курстарындағы талапты студенттеріне әрқайсысы 400 сомдық 2 стипендия;

г) Одессаның Дәрігерлік Институтындағы жоғарғы курстардың өте талапты студенттері үшін әрқайсысы 400 сомдық айына 2 стипендия;

д) Харьковтің Дәрігерлік Институтындағы жоғарғы курстардың талапты студенттері үшін әрқайсысы 400 сомдық айына 2 стипендия;

е) Ленинградтың Ленин орденді Мемлекеттік Университетіндегі жоғарғы курстардың талапты студенттері үшін әрқайсысы 400 сомдық айына 2 стипендия;

ж) Одессаның Мемлекеттік Университетіндегі жоғарғы курстардың талапты студенттері үшін әрқайсысы 400 сомдық айына 2 стипендия;

6. ССРО Денсаулық Халық Комиссариаты 1945 жылы мына еңбектерді баспаға беретін болсын:

а) «жұқпалы ауруларды жұқтырмаудың шаралары» атты И. И. Мечниковтің монографиясын;

б) «суықтан болған ауруды зерттеу паталогиясы» атты И. И. Мечниковтың кітабін;

в) И. И. Мечниковтің өмір баянын.

7. 1945 жылы И. И. Мечниковтың академиялық шығармаларының жыйнақтарын және оның хаттарын бастыруға дайындалу ісі ССРО Денсаулық Халық Комиссариатына міндеттелсін.

8. ССРО Халық Комиссарлары Советі жанындағы кинематография істері жөніндегі комитетке (Большаков жолдасқа) 1946 жылы И. И. Мечниковтың өмірі мен есіне арналған ғылыми көпшілік фильм дайындау ісі тапсырылсын.

ЖОСПАРДАН ТЫС ЕГІН ЕГУДЕ

БӨЕТЕРЕК (Семей облысы). Көпекті ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары дәнді егіс егу жөніндегі тапсырманы белгіленген мерзімде орындап, қазір жоспардан тыс егін егуде. «Жұмыскер»,

«Талапкер», «Горное Пламя» және Димитров атындағы колхоздардың әрқайсысы халық шаруашылығын қалпына келтіру қорына арнап, 10—20 гектардан (ҚазТАГ).

Жоспарын 102 процент орындады

АҚМОЛА. Тракторшылардың республикалық жарысын бастаған «Авангард» МТСының коллективі көктемгі егіс жұмыстарының жоспарын мерзімінен бұрын 102 процент орындады. Ұлы жеңіспен жігерленген тракторшылар еңбек өнімділігін күннен күнге аттыруда. Ойраков жолдастың бригадасы 15 аттың күші бар әрбір трактормен 207 гектар, Ума-

ков жолдастың бригадасы 150 гектар жер жыртып, тоннаға жақын жанар май үнемдеді.

Көктемгі егіс жұмыстары жөніндегі тапсырманы екі есе артық орындаған Николай Жироков социалистік жарыста озып шығып, бірінші орын алды.

(ҚазТАГ).

ұлы демі өтті. Көменгер қолбасшы Сталин жолдас бастаған айындағы Армия неміс басқыншыларды біржолата талқандады.

Бұл қуанышты күндерде біздің халқымыздың жүрегі совет елінің батыры Сіздерге және біздің данышпан қолбасшымыз, бар заманның басқан қолбасшысы Сталин жолдасқа деген шексіз алғысқа бөленіп отыр. Барлық совет халықтары сыяқты, біздің халық үшін Сталиннің есімі әрқашанда ұраны болып саналады.

Ардагер батырлар—Қызыл Армияның жеңген жауынгерлерінің даңқы берсін!

Халықтардың бахыты мен даңқының сенімді тірегі—біздің қуатты, айбы совет мемлекетінің даңқы арта берсін!

Жеңістерді ұйымдастырушы және оған дем беруші Ленин—Сталин партиясының даңқы арта берсін!

Совет халықтарының көсемі Көменгер қолбасшы Советтер Одағының шалы Сталин жолдастың мерейі үстем болып, даңқы арта берсін!

Латвия ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председатели А. КИРХЕНШТ
Латвия ССР Халық Комиссарлары Советінің Председатели В. ЛАЦП
Латвия К(б)П Орталық Комитетінің Секретарі Я. КАЛНБЕРЗИ

Бүкіл совет халқының көсемі Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Маршалы СТАЛИН жолдас

Қымбатты және сүйікті әкеміз Иосиф Виссарионович!

Совет халқының ұлы жеңісінің қуанышты күні, батыр Қызыл Армия неміс-фашист басқыншыларға қарсы күресте даңқты жеңіске жеткен күні! Менің еңбекшілері Сізге большевиктік сәлем жолдап, фашистік Германияға қарсы күресте ұлы жеңіске жеткен күнімізбен шын жүректен құттықтайды.

Сіздің данышпандық басшылығыңыз арқасында совет қаруының толық жеңіске жеткен күні бүкіл түркімен халқының қуаныш сезімін сөзбен айтып жазу қиын. Еңбектеген жастан өңкейген көріге дейін, жас баладан сакал-мұзак басқан қарттарға дейін, түркімен халқы, әкелер, әйелдер мен аналар Отандық ұлы болашағы үшін жеңіске жеткізгендігіңіз үшін біздің сүйікті әкеміз Сізге тағзым етіп, шын жүректен алғыс айтады.

Біздің ұстазымыз және досымыз, совет жауынгерлері ұлы Отан соғысы кезіндегі күндерінде Сіздің есіміңізді ұран етіп, неміс-фашист басқыншы қарсы еліспей бітіспейтін ұрысқа аттанды, олар жеңіс мүддесі үшін өздері қанын да, өмірін де аямай жұмсады.

Сіз рухтандырған Түркменстан еңбекшілері тылда жанкыярлықпен істеп, даңқты Қызыл Армияның фашист аюанды тұншықтыруына көмек Барлық жерде және әрқашан Сіздің тұлғаныз біздің көз алдымызда тұрды. Сіздің жігеріңіз халықты жеңіске ұмтылдырды. Міне сондықтан да халықтық салтанат күні Советтер Одағының бүкіл халқы сыяқты, түркімен қы өзінің сүйіспеншілігі мен сәлемінің бірінші сөзін Көменгер көсеміміз айбынды Қызыл Армияға, біздің даңқты большевиктер партиясына арнайы.

Қымбатты Сталин жолдас, бұл қуанышты күні Түркменстан еңбекші жеңісті мерекелей отырып, көсіп орындары мен колхоз егіс даласында бұрыдан да қажырлы қайратпен еңбек істеу жөнінде өзінің ұлы Отанымыз алдына борышын есінде сақтайды.

Соғыс жылдарындағыдай алдағы уақытта да өзіміздің барлық күшімізді советтік Социалистік Республикалар Одағының күш-қуатын нығайту ісіне жұмыс деп Сталин жолдас, Сізге серт береміз.

Біздің қуатты Отанымыз, Советтер Одағының ұлдары мен қыздарының кең қаны және жанкыярлық еңбегімен шыңдалған, халықтардың Лениндік-линдік ұлы достығы мәңгі-бақый өмір сүріп, нығая берсін!

Батыр Қызыл Армия жасасын!

Қуатты ұлы совет халқы жасасын!

Большевиктер партиясы жасасын!

Біздің сүйікті әкеміз, ұстазымыз және досымыз Иосиф Виссарионович Сталин жасасын!

Түркмен ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председатели БЕРДИЕ

Түркмен ССР Халық Комиссарлары Советінің Председатели ҚУДАЙБЕРГЕН

Түркменстан К(б)П Орталық Комитетінің Секретарі ФОНИН

Сан-Францискода баспа сөз өкілдерінің конференциясында В. М. Молотов жолдастың жасаған мәлімдемесі

ФРАНЦИСКО, 7 май (ТАСС-тың тілшісінен). АҚШ-тың және бас-
рдің Сан-Францискодағы конфере-
ға қатысушы 600-дей тілшісі қа-
баспа сөз өкілдерінің конферен-
да В. М. Молотов жолдас конфере-
ның жұмысының алғашқы бөлігі-
атынды ретінде мынадай мәлімде-
ады:

Бір конференцияның жұмысының
ды бөлігінің қорытындысын шыға-
олады. Конференцияның төрт пред-
нің Думбартон-Оксте қабылданған
арға енгізілетін түзетулерге арнал-
цесі аяқталды. Мұнда конференция-
абысты болуына үлкен әсер ететін
ршілік болды. Комиссиялар және
лі комиссиялар жұмысқа кірісті.
а Біріккен Ұлттардың барлығы
кілдері бұрыннан және жаңадан
ап санын көп ұсыныстар мен тү-
рді талқылауға қатысады. Төрт
дательдің келесінде енгізілген тө-
і түзетулерге совет делегациясы
маңыз беріп отыр:

«Мақсаттар» деген тарауда қазір
іліз ережелерін және халықаралық
арды сақтау негіздері туралы ар-
сөз қосылып отыр. Мұнда соны-
атар халықтардың тең праволылығы
өзін-өзі билеуін хұрметтеу хаттөгі
тылған. Бұған Советтер Одағы әрқа-
эте жоғары маңыз беріп келді. Ха-
алық хауіпсіздік ұйымы жарияла-
алықтардың тең праволылығы және
зі билеуі жөніндегі негізге отар ел-
і және мандатпен басқарылатын
рдегі халықтар ерекше көңіл бөл-
Мұның өзі осы ұлы негіздерді іске
ды неғұрлым тездетуге көмек бола-
ұның үстіне, қазір «мақсаттар»
тарауда нәсілге, тілге, дінге, жы-
на қарамастан, адамдардың барлығы
правосын және бостандығының негіз
хұрметтеу жасын қолдау керек де-
ұсқау қосылып отыр.

Программа фашистік елдердің ха-
залық хауіпсіздік ұйымына қатысты
ына мүлдем жол бермейді. Мұның
бден түсінікті жағдай. Өйткені, фа-
елдері тек қара түтік кертартпа-
орталығы ғана емес, сонымен қатар
ордасы екенін, сондықтан олар бей-
лік ісіне, халықтардың хауіпсіздігі
қызмет ете алмайтынын біз жақсы
із.

Вот делегациясы адамның ең маңыз-
правосын дегенде оған еңбек етуге

тың ісі және алатын орны жөнінен өзге-
ріс енгізу туралы ешқандай ұсыныс жа-
салмаған ерекше көңіл бөлетін жағдай
болып отыр. Мұның өзі халықтардың со-
ғыстан кейінгі хауіпсіздігінің басты мәсе-
лесінде белді мемлекеттердің бір ауызды
екенін тағы көрсетті. Конференцияға қа-
тысқан басқа елдер де осы жолда болар
деп сенеміз.

5. Тек соңғы күндерде ғана белгілі
жерлерге қамқорлық ету керек деген ұсы-
ныстар жасалды. Қазір бұл ұсыныс бас-
па сөзде көңінен талқылануда. Америка
мен ағылшынның бұл мәселе жөніндегі
ұсыныстары әртүрлі, сондықтан да олар
ды зерттеу керек. Совет делегациясы
үшін мына жағдай айқын сияқты: ха-
лықаралық хауіпсіздік мүддесінің тұрғы-
сынан қарағанда біз ең алдымен бағы-
нышты елдердің тезірек Ұлттық тәуелсіз-
дік жолына түсуінің қамын айлауға
тиіспіз. Бұған Біріккен Ұлттардың дербес
ұйымы—халықтардың тең праволылығы
мен өзін-өзі билеу шараларын тезірек іс-
ке асыруды көздейтін ұйым көмектесуге
тиіс. Совет делегациясы бұл мәселені қа-
рауға бексене қатысады.

Сөзімнің қорытындысында мен конфере-
нция талқуағы екі-үш апта ішінде не-
гізгі мәселелерді талқылай алады деп се-
нім білдіргім келеді. Қазір Қызыл Армия-
ның және одақтастардың армияларының
ерлік күресі біздің Европада жеңіп шы-
ғуымызды қамтамасыз етіп отырған-
да конференцияның жұмысын неғұрлым
тезірек алға бастырып, соғыстан кейінгі
халықаралық хауіпсіздік ұйымының не-
гізін қалау керек.

Жазба мәлімдемесін жариялағаннан кейін
В. М. Молотов тілшілердің сұрақтары
на жауап берді. Жеңіс күні жетуімен бай-
ланысты Жапония жөнінде Советтер Ода-
ғы өзінің саясатына ешбір өзгеріс енгіз-
бейме, бұл жөнінде В. М. Молотов ешнәр-
се айтпас па екен деп бір тілшінің қой-
ған сұрағына, В. М. Молотов Совет Үк-
меті бұл мәселе жөнінде өзінің пікірін әй-
редің басында айтқан деп жауап берді.
Өзге тілші В. М. Молотов Совет Үкметінің
жариялаған мәлімдемесін қайталап ай-
туын сұрай қоймады. Осыдан кейін Моло-
тов мұндай мәлімдемелі жатқа айтуға бол-
майды, ал егер тілшіге өте керек болса,
ол мәлімдеме жазба күйінде жіберіледі
деп жауап қайтарды. Бір тілші В. М. Мо-
лотовтың баспа сөз өкілдерінің конферен-
циясы жөнінде қолданып отырған әдісін
баспа сөз жөнінде совет саясатының өз-
герісінің белгісі деп бағалауға бола ма

Бүгін—көктемгі егісті аяқтау жөніндегі республикалық онкүндіктің төртінші күні

Барлық күш көктемгі егісті онкүндік кезінде толық аяқтауға жұмсалсын!

ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Қазақ ССР-ның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыста көктемгі
егісте үздік шыққан мына озаттар облыстық совет атқомі мен ҚН(б)П об-
лыстық комитеті бюросының қаулысы бойынша, облыстық ХҰРМЕТ ТАҚ-
ТАСЫНА жазылады:

ОКТАБРЬ АУДАНЫНАН:

«КРАСНАЯ ПЛАНЕТА» колхозы (председатели КОЛЕСНИКОВ, партия
ұйымының секретарі СУББОТИН жолдасар). Бұл колхоз егіс жоспарын
110 процент орындады.

«ЮПИТЕР» колхозы (председатели ВОЙТЕНКО жолдас). Мұнда егіс
жоспары 100 процент орындалды.

«ЕҢБЕН» колхозы (председатели НҰҒЫМАНОВ жолдас). Мұнда егіс
жоспары 100 процент орындалды.

«КЕҢЕС» колхозы (председатели Ыбыраев жолдас). Бұл колхоз егіс
жоспарын 100 процент орындады.

«1 МАЙ» колхозы (председатели Изатов жолдас). Бұл колхоз егіс
жоспарын 100 процент орындап шықты.

ЛЕНИН АУДАНЫНАН:

«АҚТАС» колхозы (председатели Мұхамеджанов жолдас). Мұнда 800
гектар егіс жоспары толық орындалды. Қазір колхозда жоспардан тыс егіс
егіліп жатыр.

ПЕТРОПАВЛ АУДАНЫНАН:

«КРАСНЫЙ ВОСТОК» колхозы (председатели П. Ким жолдас). Бұл кол-
хозда 455 гектар орнына, 461 гектар егіс егілді. Колхозшылар жоспардан
тыс тағыда 50 гектар егіс екпек болып отыр.

ІСКЕР БРИГАДИР

Ұашке Малдыбаев жолдас «Бостан
дық» колхозында (Приешім ауданы)
егін бригадасының бригадирі болып жұ-
мыс істегені міне 6 жыл. Ол басқарған
бригаданың шаруашылығы барған са-
йын көркейе түсуде. Бригада да беріл-
ген тапсырма әрдайым, қандай ғана бол-
масын жағдайда тыңғылықты орында-
лып келеді. Бұл Малдыбаев жолдасын
өз ісіне өте жауанты және шын ықы-
лас қояының нәтижесі еді.

Малдыбаев жолдас Ұлы
Отан соғысының біздің толық жеңісіміз
бен аяқталып, бейбіт өркендеу кезеңінің
басталуы хұрметіне бригаданы табысқа
бастауда. Қазір, көктемгі егіс ке-
зінде Малдыбаев жолдасын бригадасына
бірде-бір егіс бригадасы ілесе алмай
отыр.

Колхоздың көктемгі егісті өткізу же-
ніндегі жұмыс жоспарында Малдыбаев
жолдасын егіс бригадасына 126 гектар
жер-жырту, 155 гектар жер тырмалау

және 185 гектар егіс алаңына тұқым
себу тапсырмасы берілген еді. Қазір
бригада 81 гектар жер жыртты, 229
гектар жерді тырмалады. Мұнымен қа-
тар 105 гектар егіс алаңына тұқым се-
біді.

Жақында еңбекшілер депутаттары
аудандық атқомі мен аудандық партия
комитеті Малдыбаев жолдас басқарған
бригада мүшелеріне бағалы сыйлықтар
тапсырды. Сыйлықты алып тұрғанда
Малдыбаев жолдас:

—Отан соғысының жеңіспен аяқта-
луы хұрметіне көктемгі егісті аяқтау
жөнінде, республикамызда онкүндік жа-
рияланып отыр. Мен бригада атынан
осы онкүн ішінде егіс жұмысын толық
аяқтауға сенім беремін,—деді.

Малдыбаев жолдасын серті—берік
серт! Оның сөзі мен ісінде айырма бол-
мақшы емес.

Ғ. АУБАКИРОВ.

7 трактор бригадасы жоспарды орындады

Облысымыздың егіс даласында

Аудандардың көктемгі егісті өткізудегі социалистік жарысы

Облыстық жер бөлімінің мәліметі бо-
йынша, облыс колхоздары 21 майға де-
йін 188499 гектар жерге тұқым сеуіп,
егіс жоспарын 62,8 процент орындады.
20майда 12000 гектар орнына, 12398
гектар жерге тұқым себілді, тұқым себу
жөніндегі күнделік тапсырма егіс жұ-
мыстары басталғалы бірінші рет мөл-
шердегіден 398 гектар артты. 20 майда
Коныхов, Ленин, Мамлют, Петропавл,
Полудень, Преснов және Приешім аудан-
дарының колхоздары бір күнде өсімді
мөлшердегіден артық берді.

Егісте жоспарды 73,2 процент орын-
дап, Ленин ауданының колхоздары екін-
ші орыннан бірінші орынға шықты.
Мұнда 34414 гектар егіс егілді. 20 май-
да 1840 гектар орнына 2070 гектар
жерге тұқым себілді. Ал, Октябрь аудан-
ының колхоздары тағы да бірінші
орыннан екінші орынға түсіп қалды.
Мұнда соңғы бір күнде 1760 гектар ор-
нына 1426 гектар жерге ғана тұқым се-
біліп, жалпы егіс жоспары 72,9 процент
ғана орындалды. Егіс жоспарын Петро-
павл ауданының колхоздары 68,9, Ма-
млют ауданының колхоздары 65,6 Прие-
шім ауданының колхоздары 60,1 процент
орындады. Кейбір аудандарда көктемгі
егісті аяқтау жөніндегі онкүндік кезінде
жұмыс қарқыны мүлде баяулап кетті.
Демек, Соколов ауданы жетінші орыннан
9-орынға, Полудень ауданы 5-орыннан
алтыншы орынға түсіп қалды.

Егісте бұрынғыша Булаев және Ко-
ныхов аудандарының колхоздары артта
келеді. Булаев ауданында 20 майда 720
гектар орнына 575 гектар жерге ғана
тұқым себіліп, жалпы егіс жоспары 54,7
процент ғана орындалды. Коныхов аудан-
ының колхоздары соңғы бір күнде тұ-
қымды мөлшердегіден артық сепкенімен,
егіс жоспарын небары 43 процент ғана
орындады.

Облыс колхоздары 20 майда 8000 гек-
тар орнына 9203 гектар жер жыртты,
сөйтіп облысымызда жыртылған жер
мөлшері 146381 гектарға жетті де, жер
жырту жоспары 61,8 процент орындал-
ды. 20 майда Коныхов, Ленин, Октябрь,
Петропавл, Преснов және Приешім аудан-
дарының колхоздары артық берді.

Германияны жеңу хұрметіне СССР-ның Варшавадағы елшілігінде болған қабылда

ВАРШАВА, 21 май. (ТАСС). СССР-дың
Варшавадағы елшісі В. Д. Лебедев және
СССР-ның Польшадағы соғыс миссиясы-
ның бастығы генерал-лейтенант С. С.
Шатилов Германияны жеңу хұрметіне
19 майда қабылдау жасады.

Қабылдауда Өлкелік Халық Кеңесінің
Президенті Б. Берут, Польшаның Бас Ми-
нистрі Э. Осубка-Моравский, Чехослова-
кия Елшісі Гейрет, Француз Республика-
сының Өкілі Гейрво, Польша Республика-
сы Уақытша Үкметінің министрлері, сол
сияқты Қызыл Армия мен поляк әскер-
лерінің генералдары мен офицерлері, ко-
ғам, мәдениет және саяси қайраткерлер
және дін өкілдері болды.

Қабылдау неміс-фашист басқыншылар-
ды жеңуге байланысты өзара достық біл-
дірісу және салтанат құру рухында өтті.

Қызыл Армияның қаза тапқан батырларына Венгрияның Печ қаласында ескерткіш орнатылды

БУХАРЕСТ, 21 май. (ТАСС). Венгрия
ның Печ қаласы халқының Қызыл Ар-
мияның неміс басқыншыларға қарсы
ұрыстарда қаза тапқан батырларына ха-
лықаралық ескерткіш орнатқандығын ру-
мын радиосы хабар етті. Ескерткіштің
салтанатты түрде ашылуы кезінде Қы-
зыл Армияның Печті азат еткен құрама-
сының өкілі сөз сөйледі. Провинция бас-
шысы Баранья Венгрияны фашист бас-
қыншылардың үстемлігінен азат еткені
үшін Қызыл Армияға Венгрия үкметі
мен Печ қаласының халқы атынан ал-
ғыс айтты.

Тынық мұхиттағы СОҒЫС

ЛОНДОН, 21 май. (ТАСС). Рейтер
агенттігінің хабары бойынша, Минданао
және Лусон аралдарында американдық әс-
керлерінің алға басумен болғандығын
одақтастардың Тынық мұхиттың оңтүс-
тік-батыс бөлігіндегі қарулы күштері
бірлескен командованиесінің штабы ха-
бар етті. Тарақан аралында американдық бө-
лімдері аралды жапон әскерлерінен та-
зарту жөнінде ұрыстар жүргізуде болды.

Одақтастардың бомбаны авиациясы
жапонның Формоза аралындағы өнеркә-
сіп орындарына шабуыл жасады. Одақ-
тастар самолеттері Формоза жағалауы
маңында жапонның 3 транспорт және
2 жүк кемесінен құралған керуенін суға
батырды.

ВАШИНГТОН, 21 май. (ТАСС). Окина-

үшін өте маңызды мәселе екені өзі түсінікті.

Баспа сөздерде соғыс кезінде жасал-
парттарды қайта қараған жөн деген
айтылғаны жалпыға белгілі. Бұл
айтушылар, тегінде, жеңілген шап-
ыл елдер арасында жасалған шарт-
сол сыяқты соғыстан кейінгі жер
зір жеңіліп отырған «белдік» елдер
аңқынымын қайта бастауына
жермеу мақсатында кейбір Бірлескен
жасаған шарттарды айтатын болу-
дс. Жоғарыда көрсетілгендей шарт-
қайта қарау дегеннің өзі бізге жау
ге қолайлы болып шығатыны өзінен
үсінікті. Олар қазірдің өзінде-ақ осы
тардың берекесін кетіріп, оның кү-
еюды көздейді. Аталған шарттарды
аралық ұйымның талқылауына қою
інін өзі осы шарттарға қол қойған
жеттердің өзін-өзі билеу прәвосын
болып шығатынын да көрмеуге бол-
д. Бұл сонымен қатар Думбартон-
Ұсталған барыққа тікелей қайшы
д. Онда мемлекеттердің—халықара-
сауіпсіздік ұйымы мүшелерінің өзін-
леу прәвосына қол сұқпау керек де-
ікір баса айтылған. Әрине, осылар-
жерге келіп, шарттарды қайта қарау
деген пікір дұрыс пікір емес деп
мың, ол қабылданған жоқ.

Шарттар жөніндегі мәселе оның екін-
ағылшын да қаралды. Мысалы, Совет
дағы өзара көмектесу туралы Ан-
кен, Франциямен, Чехословакиямен,
авиямен, Польшамен шарт жасас-
Бұл шарттар 20 жылдық мерзімге
ған. Онда Германия тарапынан шап-
ылықтың қайта басталуына жол бер-
мақсаты көзделген. Мұндай шарттар
елдер арасында, айталық Англия
Франция арасында да жасалуы мүм-
Тіптегі үкметтер шапқыншылыққа
бермеу жөніндегі осы шарттарда көр-
ген міндеттерді орындауды қашан
қаралық хауіпсіздік ұйымының ма-
де өз қолына алатын дәрежеге жетті
ашқанға дейін бұл шарттар өзінің кү-
қалдырыла берілсін деген тоқтамға
к. Менің ойымша, халықтардың ха-
здік мүддесіне толық сай келетін
м табылды деп білемін.

Хауіпсіздік Кеңесінің ұйымда атқара-

ралы хабарды айтудан бөтен ерекше ор-
ны жоқ».

Данияның Сан-Францискоға шақыры-
луын В. М. Молотов ұната ма деген сұрақ-
қа, В. М. Молотов бұл мәселе тек оның
өзіне ғана байланысты емес екенін айта
келіп, хауіпсіздік конференциясына Да-
нияның қатысқаны өте қолайлы болар еді
деді.

Молотовтың конференциядағы аңғарт-
қан либералдық саясатын ескергенде, Ко-
реяның тәуелсіз болуына Советтер Одағы
ның көз қарасы қалай деген сұрақ қойыл-
ғанда, В. М. Молотов: «Бұл мәселені ойла-
ну хажет. Оған уақыт бар» деп жауап
қайтарды. Бір тілшінің 16 поляк тұтқын-
ға алынуымен байланысты поляк мәселе-
сін талқылау тоқтатылды деген хабар же-
нінде пікір айтуын сұрағанда, В. М. Мо-
лотов, тегінде, баспа сөз өкілдерінің кон-
ференциясында Польша мәселесін айтпай
кету қиынға соғады, сондықтан бұл же-
нінде тілшілердің қосымша сұрағы бар ма
деді. Белгілі жерлерге қамқорлық жасал-
сын деген ағылшын-американ ұсынысын
В. М. Молотов мақұлдай ма деген сұрақ-
қа, В. М. Молотов мынадай жауап қайтар-
ды: «Қамқорлық жөнінде американдардың
ұсынысы да, ағылшындардың ұсынысы
да өте қызық ұсыныс. Біз бұл ұсыныстар
ды да барынша зейін қойып зерттеп жа-
тырмыз, кейін пікірімізді айтамыз». Егер
Испанияның қазіргі үкметі Сан-Францис-
кодағы конференцияға шақырылатын бол-
са, оған Совет делегациясы қалай қарар
еді деген сұрақ қойылды. Бұған В. М.
Молотов: «Мәселенің өзі соңшалықты тү-
сінікті, сондықтан да бұған жауап беріп
жатудың да керекі жоқ» деді.

Бір тілші Совет Үкметі 16 поляктің
тұтқынға алынғанын бұрын неге жария-
ламаған деген сұраққа, В. М. Молотов мы-
надай жауап қайтарды: «Поляк мәселесі-
не жауап берейін. Бірденнен реттей қой-
мағыммен, одақтастар Югославия мәселе-
сін, ойдағыдай шешті. Поляк мәселесінің
де ойдағыдай шешілетіндігінде күмәнім
жоқ. Мұндағы ең бастығы мәселені поляк-
тардың өздерінің тілегіне сәйкес шешу
болады».

Осымен В. М. Молотов баспа сөз өкіл-
дерінің конференциясын аяқтады.

Мәдени бригаданы ұйымдастырылды

Мәдени ауданындағы «Бостандық»
ауданының оқушылары мен оқытушы-
коллективі көршілес колхоздарға ба-
колхозшыларға ойын-сауық көрсет-
мақсатына мәдениет бригадасын
дастырды. Жауырда бригада «Бостан
колхозына барып, дала қосында

ойын-сауық көшіп өткізді. Бұл кеште
бригада колхозшыларға «Кыз Жібек»
операсынан үзінді көрсетті. Кеште хор
және жеке халық әндері орындалды. Жо-
ке әншілер Әбілхайырова, Марғалым-
на колхозшылар алаңына өздерінің да-
мындылығын көрсете білді.

тар жер жұмысталды. Сонымен, МТС-тың,
әрбір тракторы—109 гектар жер жұ-
мыстады.

МТС-та бүгінгі күнге дейін 7 трактор
бригадасы көктемде істелетін жұмыс жос-
пары артығымен орындалып шықты.
Оның ішінде Василисә Бондарева, Афа-
насьев, Мұхамедиева тағы басқа жолдастар
дың басқаруындағы трактор бригадалары
бар.

«Ақ көл» колхозында жұмыс істейтін
Афанасьев жолдастың бригадасы колхоз-
ға 300 гектар орнына 336 гектар жер
жұмыстап берді. Тракторшылар 15 ат-

тадасы «Красный восток» колхозында
353 гектар жер жұмыстап беруге міндет-
ті еді. Бригаданың тракторшылары Ка-
зақстанның 25 жылдығы атындағы со-
циалистік жарысты кеңінен өрістетуге нә-
тижесінде, 403 гектар жер жұмыстап,
106 килограмм жанармайды мөлшердегі-
ден кем жұмсады. Бригаданың Кудряв-
цова, Дукаев және Мәриәм Мұхамедиева
сыяқты тракторшылары мереке атында-
ғы жарыста үздік жұмыс істеді.

МТС-та көктемгі егістің озаттары күн
сапап молая түсуде.

А. ПЕТУНИНА,

АУДАНДА БІРІНШІ

Петропавл ауданындағы «Красный
восток» ауыл шаруашылық артелінің
(председателі П. Ким жолдас) мүшеле-
рі егіске шығар алдында Сталин атында-
ғы және «Луч Ленина» колхоздарының
колхозшыларын көктемгі егісті дер кезін-
де, сапалы аяқтауға шақырып, олармен
социалистік жарысқа түскен еді. Бұл со-
циалистік жарыста «Красный восток»
колхозы үздік келеді. Егер егіс жоспары
Сталин атындағы колхозда 72,2, ал «Луч
Ленина» колхозында 75,5 процент орын-
далып отырса, «Красный восток» колхо-

зында ол артығымен орындалды. Мұнда
455 гектар орнына 461 гектар жерге
тұқым себілді. Қазір колхозшылар жос-
пардан тыс егіс егіп жатыр.

Ауданымыздағы «Земледелец» ауыл
шаруашылық артелі де егіс жоспарын
орындауға жуық отыр. Бұл колхозда
дәнді егіс жоспары 95,2 процент орын-
далды және 80 гектар картоф егілді.

И. ЕГОРОВ,

Петропавл аудандық жер бөлімінің
мәңгерушісі.

Трактор паркінің жұмысы нашар

Өткен жылы Октябрь ауданындағы
Торангүл машина-трактор станциясының
бірқатар трактор бригадалары жұмысты
қанағаттанғысыз істеді. Тіпті кейбір кол-
хоздарда жекелеген тракторлар са-
пасыз жөндегендіктен жаз бойына
қарап тұрды. Осының салдарынан тра-
ктор бригадаларының басым көпшілігі
трактормен істелетін жұмыс жоспарын
орындамады.

Алайда, МТС басшылары бұдан бей-
түсті қорытынды шығармай отыр. Де-
мек, қазір көктемгі егістің шешуші күн-
дерінде Ленин атындағы, «Көктерек» же-
не «Қаратай» колхоздарына жіберілген
тракторлар тоқтап тұр. Бұлар көктемгі
егісті аяқтау жөніндегі онкүндіктің ал-
ғашқы үш күнінде бірде-бір боразда тарт-
қан жоқ. Бірақ сол қарап тұрған трак-

торлардың бүлінген бөлігін жөндеуді
МТС басшылары ескермей келеді.

Ленин атындағы ауыл шаруашылық
артеліндегі № 4 трактор бригадасы көк-
темгі егіс басталғалы небары 21 гектар
ғана жер жырты. Осы колхозға МТС-тан
жіберілген ЧТЗ тракторы колхозда жете
алмай орта жолда жатыр.

Машина-трактор станциясының бас-
шылары, оның директоры Штапаук жол-
дас колхоздардағы трактор паркінің жұ-
мысты нашар атқарып отырғандығына
немкетті қарайды. Ол егіс даласындағы
трактор бригадаларын қамту үшін, көш-
палі мастерской жабдықтамаған. Сөйтіп,
трактор паркінің күшін барынша сарқа
пайдалану ісін ұйымдастырмаған.

М. ТӘЛІПОВ.

Күн сайын 18-20 гектар

Көктемгі егісті өткізуде тракторшы-
лардың Бүкіл Одақтық социалистік жа-
рыс туын жоғары ұстай отырып, «Жал-
тыр» колхозының (Совет ауданы) трак-
торшылары күнделік жұмыс тапсырма-
сын үнемі арттық орындап жүр.

Трактордың Құсайын Аубаев жолдас
бір күнде 16 гектар жерге тұқым себу

орнына, үнемі 18—20 гектар жерге тұ-
қым сеуіп, зор өнеге көрсетуде.

Аубаев жолдастан жас тракторшы Ш.
Обылтаев жолдас та қалыспай келеді. Ол
күн сайын 4,3—4,5 гектардан жер жыр-
тып, бір жарым мөлшер орындаула.

Қ. ЖАҚЫПОВ.

ры 10,4, Приешім ауданының колхозда-
ры 63,3 және Совет ауданының колхоз-
дары 60 процент орындады.

Жер жыртуда бұрынғыша Булаев, Со-
колов және Конюхов аудандары артта
қалды. Бұл аудандардың колхоздары он-
күндік кезінде де жер жырту қарқынын
өрістетіп алмай отыр.

Бүгін— көктемгі егісті аяқтау жөнін-
дегі онкүндіктің төртінші күні. Алайда,
облысымызда егіс жұмыстарының қар-
қыны өлі де қанағаттанарлық емес. Сон-
дықтан көктемгі егіс озаттарының іс-
тәжірибесін пайдаланып, артта қалғандар
ды алдыңғы қатарлыларға теңей оты-
рып, жұмыста жалпы өрлеу туғызу, сөй-
тіп мұнымен көктемгі егісті 1945 жыл-
ғы 1 июньге дейін агротехникалық жо-
ғары дәрежеде аяқтау талап етіледі.

Бұл талапты сөзсіз орындау үшін, ау-
дандық жер бөлімдерінің МТС-тардың жа-
не колхоздардың басшылары онкүндік
кезінде барлық тракторлардың, көліктің,
барлық құрал-саймандардың тегіс жұ-
мысқа пайдаланылуын, жұмыстың қар-
қыны да, сапасы да жоғары болып, күн-
делікті тапсырманың сөзсіз орындалуын
қамтамасыз етуі хажет.

АРТТА КАЛУДЫҢ СЫРЫ НЕДЕ?

ЯВЛЕНКА (Өз тілшімізден). Ленин ауда-
нындағы «Новый путь» ауыл шаруашы-
лық артелінің басшылары (председателі
Столяров жолдас) егіс жұмыстарының
қарқынын күшейту жөнінде ештеңе іс-
тей алмай отыр. Бұл колхозда жоспар
бойынша, 2103 гектар орнына осы уа-
қытқа дейін 904 гектар алаңға тұқым
себілді.

Пранин жолдас басқарған егін брига-
дасы быйыл 106 гектар егін егуге тиіс
еді. Бұл тапсырманы орындау үшін бри-
гадаға күніне 8 гектар алаңға тұқым
себу, 4 гектар жер жырту, 12 гектар
алаңды тырмалау керек. Ал, бригада
соңғы бес күнде небары 27 гектар алаң-
ға тұқым сеуіп, тек 2,6 гектар жер
тырмалады. Жер жырту қарқынының
баяу болу себебі: бригадада еңбек дұ-
рыс ұйымдастырылмаған. Кейбір кол-
хозшылар жұмысқа өте көш шығады, ал
олардың біреуі жөніне жұмысқа тіпті қаты-
спайды.

Колхозда 12 трактор бар. Бірақ бұл
тракторлардың жұмыс істеуінен тоқтап
тұруы көп. Колхозда күнделік жұмыс
тапсырмасын үнемі артығымен орындап
жүрген Овсянников, Филиппова сыяқты
жолдастар да бар. Бірақ колхоз басшы-
лары бұлардың іс тәжірибесін басқалар-
дың игілігіне айналдырмай келеді.

манында жапонның орташа жүк көмесін
суга батырды.

Венгрия жер кәсіп министрінің мәлімдемесі

БУДАПЕШТ, 21 май. (ТАСС). «Сабад-
нен» газеті жер кәсіп министрі Надь
Тыренің Венгрияның ауыл шаруашылық
мәселелері туралы мәлімдемесін жарияла-
ды. Мәлімдемеде былай делінген:

«Тисса сырты мен Дунай және Тисса
аралығындағы солтүстік аудандарда
ауыл шаруашылық жұмыстарының ба-
рысына қарағанда,—деді Надь,—мұнда
өңделмеген жер қалмақшы емес. Соғыс
қыймылдары неғұрлым ұзақ уақытқа со-
зылған Дунай сыртындағы облыста көк-
темгі егіс жұмыстарын аяқтау үшін көп
күш керек болады». Надьтың айтуына
қарағанда, жер реформасы ауыл шаруа-
шылығын өркендету ісіне үлкен көмек
көрсетті. Жер реформасы және Советтер
Одағы берген жанар май ауыл шаруа-
шылық жұмыстарын барған сайын өріс-
тете беруді қамтамасыз етті.

Жапон самолетінің „Франк- лин“ авианосеціне шабуыл жасауы

НЬЮ-ЙОРК, 21 май. (ТАСС). 19 май-
да жапонның шұйылғын бомбашысының
Жапония жағалауынан 16 миль жерде
27 мың тонналық «Франклин» авиано-
сесіне шабуыл жасағандығын АҚШ-тың
соғыс министрлігі хабар етті. Екі бом-
баның дәл тиіуінен авианосецтегі оқ-дәрі
жарылды. 341 адам өліп, 431 адам жа-
бар-шарсыз кетті. 300ден аса адам жа-
раланды. Бұл қандай ғана болсын амери-
кан көмесінің осы уақытқа дейінгі ең
көп шығыны болып саналады. Алайда
американ әскерлерінің батырлықпен қый-
мыл жасауы нәтижесінде «Франклин» бү-
тіндей аман қалды.

Де Бринонның тұтқынға алынуы

ЛОНДОН, 21 май. (ТАСС). Фернан де
Бринон мен оның әйелінің және Петэн-
нің дәрігері Менестрелдің тұтқынға алын-
ғандығын Рейтер агенттігі Парижден ха-
бар етті. Де Бринон «Ұлт мүддесін қор-
ғау комитетінің» бұрынғы председателі.
Виши үкметі де Бринонды өзінің Париж-
дегі өкілі және германның Париждегі со-
ғыс басқармасының бастығы етіп таға-
йындаған болатын. Сол сыяқты Менест-
рель неміс басқыншыларды жақтаушы
жөндет Петэннің дәрігері болған.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.